



**ШЕШІМ**

**31.03.2021**

Нұр-Сұлтан қаласы

**РЕШЕНИЕ**

**№**

**29/3-VII**

город Нур-Султан

**Чернобыль атом электр станциясындағы  
апат құрбандарын еске алу қүніне  
Нұр-Сұлтан қаласының мұқтаж  
азаматтарының жекелеген санаттарына  
қосымша әлеуметтік көмек көрсету туралы**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексі 55-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңы 8-бабының 3) тармақшасына, «Ардагерлер туралы» 2020 жылғы 6 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың құрбандарын еске алу қүніне (2021 жылғы 26 сәуір) орай Чернобыль атом электр станциясы апартының зардаптарын жоюға қатысушы тұлғалар ішінен Нұр-Сұлтан қаласында тіркелген және тұрақты тұратын жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлерге, сондай-ақ «Ардагерлер туралы» 2020 жылғы 6 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабында көрсетілген адамдарға 75 000 (жетпіс бес мың) теңге мөлшерінде қосымша әлеуметтік көмек көрсетілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған қүнінен кейін күнтізбелік он қүн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Нұр-Сұлтан қаласы  
мәслихаты сессиясының төрағасы**

**А. Табулдина**

**Нұр-Сұлтан қаласы  
мәслихатының хатшысы**

**Е. Каналимов**

**0002565**